

ШЫҒУ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІСІМ

Келісім.

ЗҚАИ ескертпесі!

Келісім Қазақстан Республикасы 12.10.2015 ж. № 356 "1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Заңының қабылдануына байланысты орналастырылды.

Мүшелер,

20 қыркүйек 1986 жылы Министрлердің көпжақты сауда келіссөздерінің Уругвайлық раунды “әлемдік сауданы ұлғайтуға және одан арғы ырықтандыруды қамтамасыз етуге”, “ГАТТ-тың рөлін күшейтуге” және “ГАТТ жүйесінің ауыспалы халықаралық экономикалық жағдайларға бейімделу мүмкіндігін жоғарылатуға” бағытталуы тиіс екендігі туралы келіскендерін ескере отырып;

1994 ж. ГАТТ-тың мақсаттарын жүзеге асыруға ықпал етуді қалай отырып;

Шығу тегінің айқын және болжамалы қағидалары және оның қолданылуының халықаралық сауданы дамытуды жеңілдететінін мойындай отырып;

Шығу тегі қағидаларының өздігінен саудада қажетсіз бөгеттерді туындатпайтын жағдайларды қамтамасыз етуді қалай отырып;

Шығу тегі қағидалары 1994 ж. ГАТТ бойынша мүшелерге қарастырылған құқықтарын жоққа шығармайтын немесе шектемейтін жағдайларды қамтамасыз етуді қалай отырып;

Шығу тегі қағидаларына қатысты тәжірибелердің, нормативті актілердің және заңдардың нақтылығын қамтамасыз ету қажеттілігін мақұлдай отырып;

Шығу тегі қағидаларының алаламай, анық, болжамды, дәйекті және бейтарап әзірленетін және қолданылатын жағдайларды қамтамасыз етуді қалай отырып;

Осы Келісімнің шеңберінде туындайтын даулардың тез, тиімді және әділ шешілуі үшін кеңес беру және шаралар тетігін жүзеге асыруды мақұлдай отырып;

Шығу тегі қағидаларын үйлестіру және жоюды қалай отырып;

Осымен төмендегілер туралы келіседі:

I БӨЛІМ

АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ АЯСЫ

1-БАП

Шығу тегі қағидалары

1. Осы Келісімнің I-IV бөлімдерінің мақсаты үшін шығу тегі қағидалары деп заңдардың, нормативтік актілердің және тауарлардың шығу елін айқындау үшін әкімшілік органдардың шешімдерінің жиынтығы түсіндіріледі, осындай шығу тегі қағидалары ГАТТ 1994 I бабының 1 тармағын қолдану шегінен шығатын тарифтік преференциялар автономды немесе келісім шартты негізінде ұсынумен байланысты емес жағдайлар кезінде.

2. 1 тармақта атап өтілген, шығу тегі қағидалары ГАТТ 1994 I, II, III, XI және XIII баптарына сәйкес қолайлы жағдай режимі; ГАТТ 1994 VI бабына сәйкес демпингке қарсы және өтемақылық баждар; ГАТТ 1994 XIX бабына сәйкес қорғау шаралары; ГАТТ 1994 IX бабына сәйкес шығу тегіне қатысты маркировкаға талаптар; және кез келген кемітілген көлемдік шектеулер немесе тарифті квоталар тәрізді жеңілдікті ұсынумен байланысты емес сауда саясатының құралдарын қолдану кезінде қолданылатын шығу тегінің барлық қағидаларын қамтиды¹.

II БӨЛІМ

ТАУАРЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ҚАҒИДАЛАРЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

2- БАП

Өтпелі кезең мерзіміндегі міндеттемелер

Шығу тегі қағидаларын үйлестіру бойынша, IV бөлімде айқындалған жұмыс бағдарламасын іске асыруды аяқтағанға дейін, мүшелер келесі талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді:

(а) орындалуға жататын талаптардың жалпы қолданылуының әкімшілік шешімдерін шығару кезінде, талаптар нақты қалыптасуы тиіс. Әсіресе:

(i) өзгеру өлшемі қолданылған, тарифті классификация қолданылған жағдайда, мұндай шығу тегі қағидалары және осы қағидадан кез келген ерекшеліктер, осы қағидаға сілтемелінетін тарифті тізімдемесінің бөлімшелерін немесе бөлімдерін, кодтарын нақты көрсету тиіс;

(ii) адвалор үлесінің критерийі қолданылған жағдайда, шығу тегі қағидаларында осы адвалор үлесінің есебі үшін әдістері көрсетілуі тиіс;

(iii) өндіріс немесе ішінара қайта өңдеу бойынша операциялардың негізінде критерийлер ұйғарылған жағдайда, осы тауардың шығу тегі критерийін қолданатын операция нақты көрсетілуі керек;

(b) шығу тегі қағидаларына байланысты сауда саясатының шараларынан немесе құралынан тәуелсіз, олар саудаға әсер ететін құрал ретінде тікелей немесе жанама қолданылмауы тиіс;

(c) шығу тегі қағидалары өздігінен халықаралық саудаға шектеулі, бұрмалаушы немесе шырық бұзушы әсерін тигізбеуі керек. Олар қисынсыз қатаң талаптарды қоймауы немесе өндіріспен немесе қайта өңдеумен байланысты емес, қандай да бір

жағдайлардың орындалуын талап етпеуі тиіс. Алайда, өндіріспен немесе қайта өңдеумен тікелей байланысы жоқ шығындар (а) тармақшасына сәйкес адвалор үлесінің критерийін қолдану мақсатында есептелуі мүмкін;

(d) импорттау және экспорттау кезінде қолданатын шығу тегі қағидалары тауар сол елде өндірілгендігін айқындау үшін қолданылатын қағидаларға қарағанда қатаң болмауы тиіс, және осы тауардың өндірушілерінің ұлтына қарамастан басқа мүшелерінің арасында кемсітушілікке алып келмеуі тиіс²;

(e) олардың шығу тегі қағидалары дәйектілікпен, біркелкі, алаламай және қисынды түрде қолданылады ;

(f) олардың шығу тегі қағидалары жағымды критерийлерге негізделеді. Тауардың шығу тегін анықтамайтын (жағымсыз критерий) белгілерге негізделетін шығу тегі қағидаларын жағымды критерийлерді немесе шығу тегінің жағымды анықтамасы қажетті болып табылмайтын сияқты бөлек жағдайларды түсіндіру үшін қолдануға рұқсат береді;

(g) шығу тегі қағидаларына қатысты жалпы қолданудағы әкімшілік қағидалары және сот шешімдері, нұсқаулықтары, заңдары ГАТТ 1994 X бабының 1 тармағының ережелеріне сай келетіндей, және соларға сәйкесінше жарияланады;

(h) экспорттаушы, импорттаушы немесе негізделген себебі бар кез келген тұлғаның сұранысы бойынша, тауардың шығу тегін анықтау бойынша шешім мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ тауар туралы барлық қажетті мәліметтер хабарланған жағдайда, тауардың шыққан елін айқындау туралы осындай шешім сұраныс келіп түскеннен кейін 150 күннен³ кешіктірмей хабарланады. Осындай шешімдерге сұраныстар осы тауарды саудаға қойғанға дейін қабылдануы тиіс, және одан әрі кез келген уақытта қабылдана алады. Мұндай шешімдер, негіз ретінде жасалған, шығу тегі қағидаларын қоса алғанда, фактілер мен жағдайлар салыстырмалы болып қалған жағдайда, үш жыл бойы күшінде қалуы тиіс. Мүдделі тараптардың алдын ала ақпараттануы кезінде, егер де (j) тармақшасымен қарастырылған бақылау барысында осы шешімге қарсы келетін шешімдер қабылданса, мұндай шешімдер одан әрі әрекет етпейді. Мұндай бағалау, (к) тармақшасының ережелерін сақтаған кезде жалпыға тиімді болуы тиіс;

(i) өзінің шығу тегі қағидаларына өзгерістер енгізілгенде немесе шығу тегінің жаңа қағидаларын енгізген кезде, мұндай өзгерістердің, олардың заңдарында және нормативтік актілерінде анықталғандай және оларға залалсыз, кері күші болмайды;

(j) олар шығу тегі саласында қабылдайтын кез келген әкімшілік шешімдер ең қысқа мерзімде соттық, төрелік немесе әкімшілік тәртіпте немесе анықтаманы шығарған билік органдарынан тәуелсіз рәсімдерге сәйкес тәртіпте шағымдануы мүмкін, ол осындай анықтаманың өзгеруін немесе жойылуын туындатуы мүмкін;

(k) құпия сипаттағы немесе шығу тегі қағидаларын қолдану мақсатында құпия түрде ұсынылған барлық ақпарат қатаң құпия ретінде билік органдарымен

қарастырылады, бұл кезде олар оны сот рәсімінің шеңберінде ашылуға міндеттеуі мүмкін шеңберден тыс ақпарат, осындай ақпаратты ұсынған үкімет немесе тұлғаның арнайы рұқсатынсыз ашылмауы тиіс.

¹ Бұл қағида “ отандық өнеркәсіп” немесе “ отандық өнеркәсіптің ұқсас тауарлары” сөз тіркестерін немесе солар сияқты сөз тіркестерді, олар қолданылған барлық жерде, ұғындыру мақсатында жасалған тауарлардың шығу тегінің анықтамаларына зардабын тигізбейді деп түсініледі.

² Үкіметтік сатып алулар үшін қолданылатын, шығу тегі қағидаларына қатысты бұл жағдай, ГАТТ 1994 бойынша мүшелермен қабылданғаннан бөлек қосымша міндеттемелерді туындатпайды.

³ ДСҰ Келісімі күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде жасалынған сұраныстарға қатысты, мүшелерден мүмкіндігінше қысқа мерзімде осындай шешімдерді қабылдау талап етіледі.

3- БАП

Өтпелі кезеңнен кейінгі міндеттемелер

Барлық мүшелердің мақсаты-IV бөлімінде айқындалған үйлестіру бойынша жұмыс бағдарламасын орындау нәтижесінде үйлестірілген шығу тегі қағидаларын құру, олар келесіні қамтамасыз етуі тиіс:

(a) олар 1 бапта анықталғандай барлық мақсаттар үшін шығу тегі қағидаларын бірдей қолданады;

(b) олардың шығу тегі қағидаларына сәйкес, нақты тауардың шығу елі ретінде айқындалуы тиіс ел, не тауар толық алынған, не сол тауардың өндірілуінде бір елден көп елдер қатысса, онда соңғы маңызды қайта өңдеу жүзеге асырылған ел болып табылады;

(c) олар импорттау және экспорттау кезінде қолданатын шығу тегі қағидалары тауар сол елде өндірілгендігін анықтау үшін қолданылатын қағидаларға қарағанда қатаң болмауы тиіс, және осы тауардың өндірушілерінің ұлтына қарамастан басқа мүшелерінің арасында кемсітушілікке алып келмеуі тиіс;

(d) шығу тегі қағидалары дәйектілікпен, біркелкі, алаламай және қисынды түрде қолданылады;

(e) шығу тегі қағидаларына қатысты жалпы қолданудағы әкімшілік қағидалары және сот шешімдері, нұсқаулықтары, заңдары ГАТТ 1994 X бабының 1 тармағының ережелеріне сай келетіндей, және соларға сәйкесінше жарияланады;

(f) экспорттаушы, импорттаушы немесе негізделген себебі бар кез келген тұлғаның сұранысы бойынша, тауар туралы барлық қажетті мәліметтер хабарланған жағдайда, тауардың шығу тегін бағалау осындай шешім сұраныс келіп түскеннен кейін 150 күннен кешіктірмей хабарланады. Осындай шешімдерге сұраныстар осы тауарды

саудаға қойғанға дейін қабылдануы тиіс, және одан әрі кез келген уақытта қабылдана алады. Мұндай шешімдер, негіз ретінде жасалған, шығу тегі қағидаларын қоса алғанда, фактілер мен жағдайлар салыстырмалы болып қалған жағдайда, үш жыл ішінде күшінде қалуы тиіс. Мүдделі тараптардың алдын ала ақпараттануы кезінде, егер де (h) тармақшасымен қарастырылған бақылау барысында осы шешімге қарсы келетін шешімдер қабылданса, мұндай шешімдер одан әрі әрекет етпейді. Мұндай бағалау, (i) тармақшасының ережелерін сақтаған кезде жалпыға тиімді болуы тиіс;

(g) өзінің шығу тегі қағидаларын өзгерістер енгізілгенде немесе шығу тегінің жаңа қағидаларын енгізген кезде, мұндай өзгерістердің, олардың заңдарында және нормативтік актілерінде анықталғандай және оларға залалсыз, кері күші болмайды;

(h) олар шығу тегі саласында қабылдайтын кез келген әкімшілік әрекеттер ең қысқа мерзімде соттық, төрелік немесе әкімшілік органдармен немесе анықтаманы шығарған билік органдарынан тәуелсіз рәсімдерге сәйкес тәртіпте шағымдануы мүмкін, ол осындай анықтаманың өзгеруін немесе жойылуын туындатуы мүмкін;

(i) құпия сипаттағы немесе шығу тегі қағидаларын қолдану мақсатында құпия түрде ұсынылған барлық ақпарат қатаң құпия ретінде билік органдарымен қарастырылады, бұл кезде олар оны сот рәсімінің шеңберінде ашылуға міндеттеуі мүмкін шеңберден тыс ақпарат, осындай ақпаратты ұсынған үкімет немесе тұлғаның арнайы рұқсатынсыз ашылмауы тиіс.

III БӨЛІМ

ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ, КЕҢЕС БЕРУ, РЕТТЕУ ЖӘНЕ ХАБАРЛАУ ШАРАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УАҒДАЛАСТЫҚ

4-БАП

Органдар

1. Осымен шығу тегі қағидалары бойынша, ДСҰ - ның әр мүшесінің өкілінен тұратын Комитет (осы Келісімде одан әрі – "Комитет") құрылады. Комитет төрағаны тағайындайды, және мүшелерге I, II, III, және IV бөлімдерде қолданылатын мәселелер бойынша немесе осы бөлімдерде анықталған мақсаттарды жүзеге асыру, және де осы Келісімге немесе тауарларды сату бойынша Кеңестерге сәйкес тапсырылуы мүмкін басқа функцияларды орындауға қатысты мәселелерде кеңес беру мүмкіндіктерін ұсыну үшін жылына бір реттен кем емес қажеттілік бойынша жиналады. Қажеттілігі бойынша, Комитет 2 тармақта аталған, осы Келісімге сәйкес мәселелер бойынша Техникалық комитеттен ұсынымдарды және ақпараттарды сұрайды. Комитет Техникалық комитетке осы Келісімде атап өтілген мақсатты жүзеге асыру үшін қажетті деп табатын басқа тапсырмаларды орындау туралы сұрауларды жіберуі мүмкін. ДСҰ хатшылығы Комитет хатшылығының функцияларын орындайтын болады.

2. I Қосымшада көрсетілгендей, Кедендік ынтымақтастық жөніндегі кеңес (КЫК) қамқорлығымен Шығу тегі қағидалары жөніндегі техникалық комитет құрылуы тиіс (одан әрі осы Келісімде – "Техникалық комитет"). Техникалық комитет IV бөлімде қарастырылған және I Қосымшада ұйғарылған техникалық жұмысты орындауы тиіс. Қажеттілік бойынша, Техникалық комитет осы Келісімге жататын сұрақтар бойынша Комитеттен ақпараттарды және нұсқаулықтарды сұрайды. Комитет Техникалық комитетке осы Келісімде атап өтілген мақсатты жүзеге асыру үшін қажетті деп табатын жұмыстың басқа түрлерін орындау туралы сұрауы мүмкін. КЫК хатшылығы Комитет хатшылығының функцияларын орындайтын болады.

5-БАП

Шығу тегінің жаңа қағидаларын енгізу және өзгерту бойынша ақпарат және рәсімдер

1. Әр мүше ДСҰ Келісімнің күшіне ену күнінен кейін 90 күннің ішінде Хатшылыққа өзінің шығу тегі қағидаларын, сот шешімдерін және осы күнге әрекет ететін, жалпы қолданудағы әкімшілік қағидаларын хабарлайды. Егер де, байқаусыздан, қандай да бір қағида хабарланбаса, онда тиісті мүше, ол деректер мәлім болған сәттен, ол туралы тез арада хабарлауы тиіс. Хатшылықта танысуға мүмкін алынған ақпараттың тізімі, Хатшылыққа барлық мүшелерге хабарлануы тиіс.

2. 2 бапта атап өтілген кезеңнің ішінде, ең төменгіден бөлек, өзінің шығу тегі қағидасына немесе 1 тармақта көрсетілген, кез келген шығу тегі қағидасын қосатын осы баптың мақсаттары үшін және Хатшылыққа хабарланбаған жаңа шығу тегі қағидасын жүргізетін, өзгерістер енгізетін мүшелер ол туралы хабарламаны, егер де қандай да бір мүше үшін ерекше жағдайлар пайда болмаса немесе пайда болу қауіпі туындамаса, мүдделі тараптарға қандай да бір шығу тегі қағидасын өзгерту немесе жаңа шығу тегі қағидасын енгізу ниеті туралы мәлім болатындай, өзгертілген немесе жаңа қағиданың күшіне енуіне дейін 60 күн бұрын басып шығаруы тиіс.

6-БАП

Қарау

1. Комитет жыл сайын осы Келісімнің, оның мақсатын есепке ала отырып, II және III бөлімдерінің қолданылуын және функциялануын қарастырады. Комитет жыл сайын қарастырылатын кезеңде болған оқиғалар туралы тауарларды сату бойынша Кеңесті хабардар етеді.

2. Комитет I, II және III бөлімдердің жағдайларын қарастырады және үйлестіру бойынша жұмыс бағдарламасының үлестірілуінің нәтижелерін айқындау үшін қажетті өзгерістерді қарастырады.

3. Техникалық комитетпен ынтымақтастықта Комитет 9 бапта айқындалған мақсаттар мен қағидаларды есепке ала отырып үйлестіру бойынша жұмыс

бағдарламаның нәтижесіне түзетулерді қарастыруға және ұсынуға рұқсат ететін тетікті құрады. Әсіресе, техникалық жетістіктердің нәтижесінде өндірістің жаңа тәсілдерін есепке алу үшін, қолайырақ және жаңарырақ болуы тиіс.

7-Бап

Консультациялар

ГАТТ 1994 XXII бабының ережелері Дауларды шешу жөніндегі уағдаластықтың шеңберінде әзірленген түрде және қолданылғандай осы Келісімге қолданылады.

8-Бап

Дауларды реттеу

ГАТТ 1994 XXIII бабының ережелері Дауларды шешу жөніндегі уағдаластықтың шеңберінде әзірленген түрде және қолданылғандай осы Келісімге қолданылады.

IV БӨЛІМ

ШЫҒУ ТЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ

9-БАП

Мақсаттар және қағидаттар

1. Шығу тегі қағидаларын үйлестіру және әлемдік сауданы жүргізу тұрақтылығын жоғарылату мақсатында, Министрлер конференциясы ҚЫК-пен бірге келесі қағидаттардың негізінде айқындалған жұмыс бағдарламасын жүзеге асырады:

(a) шығу тегі қағидалары 1 бапта айқындалған барлық мақсаттар үшін бірдей қолданылуы тиіс;

(b) шығу тегі қағидалары нақты тауардың шығу елі айқындалуы тиіс ел деп, не тауар толық алынған, не сол тауардың өндірілуінде бір елден көп елдер қатысса, соңғы маңызды қайта өңдеу жүзеге асырылған ел қарастырылады;

(c) шығу тегі қағидалары объективті, түсінікті және болжамды болуы тиіс;

(d) шығу тегі қағидалары байланысты болуы мүмкін шаралардан немесе құралдардан тәуелсіз, олар сауданы реттеу мақсатына қол жеткізу үшін әсер ететін құрал ретінде тікелей немесе жанама түрде қолданылмауы тиіс. Шығу тегі қағидалары өздігінен халықаралық саудаға шектеулі, бұрмалаушы немесе шырық бұзушы әсерін тигізбеуі керек. Олар қисынсыз қатаң талаптарды қоймауы немесе өндіріспен немесе қайта өңдеумен байланысты емес, қандай да бір жағдайлардың орындалуын талап етпеуі тиіс. Алайда, өндіріспен немесе қайта өңдеумен тікелей байланысы жоқ шығындар адвалор үлесінің критерийін қолдану мақсатында қосылуы мүмкін;

(e) шығу тегі қағидалары дәйектілікпен, біркелкі, алаламай және қисынды түрде қолданылуы тиіс;

(f) шығу тегі қағидалары қисынды реттік болуы тиіс;

(g) шығу тегі қағидалары жағымды критерийлерге негізделуі тиіс. Жағымсыз критерийлер жағымды критерийлерді анықтау үшін қолданылуы мүмкін.

Жұмыс бағдарламасы

2. (a) Жұмыс бағдарламасы ДСҰ Келісім күшіне енгеннен кейін мүмкіндігі бойынша жүзеге асырылуы тиіс және үш жылдың ішінде аяқталуы тиіс.

(b) 4 бапта атап өтілген Комитет және Техникалық комитет осы жұмысты өткізу бойынша тиісті орган болып табылады.

(c) Осы жұмысқа ҚЫК жан - жақты қатысуына ықпал ету мақсатында, Комитет Техникалық комитеттен 1 тармақта атап өтілген қағидалардың негізінде, төменде баяндалған, жұмыстардан шығатын өзінің талқылауларын және қорытындыларын беруін сұрайды. Үйлестіру бойынша жұмыс бағдарламасының уақытылы аяқталуын қамтамасыз ету мақсатында, бұл жұмыстар Үйлестірілген жүйенің (ҮЖ) тізімдемесінің әр түрлі тарауларының немесе бөлімдерінің негізінде тауарлар тобы бойынша жүргізіледі.

(i) елде толық алынған тауарлар, және ең аз операциялар немесе қайта өңдеу

Техникалық комитет келісілген анықтамаларын әзірлейді:

елде толық алынған ретінде қарастырылуы тиіс тауарлардың. Бұл жұмыс барынша тәптіштелуі тиіс;

өздігінен тауардың шығуын өзгертпейтін ең аз операциялар немесе тәсілдердің;

Бұл жұмыстың нәтижелері Комитетке, одан сұрау алынған күннен бастап үш айдың ішінде хабарлануы тиіс.

(ii) Елеулі қайта өңдеулер. Тарифті классификация кодын өзгерту.

Техникалық комитет елеулі қайта өңдеу критерийінің негізінде тарифті кодтың өзгеру түсінігін, нақты тауарлар немесе тауарлар топтары үшін шығу тегі қағидаларын әзірлеу мақсаты үшін бөлім немесе бөлімшенің өзгеру түсінігін қолдану мүмкіндігі, және де қажет жағдайда, осы критерийге жауап беретін тізімдемедегі ең төмен өзгерулерді анықтайды.

Техникалық комитет, жоқ дегенде тоқсан сайын Комитетке өзінің жұмысының нәтижелерін ұсынатындай, ҮЖ тізімдемесінің бөлімдерін және тарауларын есепке ала отырып, тауарлар бойынша жоғарыда аталған жұмыстардың бөлінуін жүргізеді. Техникалық комитет аталған жұмысты Комитеттен сұраныс алған күннен бастап бір жыл және үш айдың ішінде аяқтайды.

(iii) Елеулі қайта өңдеулер. Қосымша критерийлер

(ii) тармақшада қарастырылған жұмыстың аяқталуы бойынша, ҮЖ тізімдемесін қолдану елеулі қайта өңдеу түсінігінің тұжырымдамасын табуға рұқсат бермейтін, әр тауар тобы немесе тауардың жеке санаты бойынша, Техникалық комитет:

елеулі қайта өңдеу түсінігінің тұжырымдамасының негізінде, адвалор үлесінің⁴ және\немесе өндіру немесе қайта өңдеу⁵ бойынша операциялардың өлшемін қоса алғанда басқа талаптарды қосымша немесе шектеулі қолдану мүмкіндігін қарастырады және зерттейді, нақты тауарлар немесе тауар топтары бойынша шығу тегі қағидаларын әзірлеу кезінде;

өзінің ұсыныстарына түсініктеме беруі мүмкін;

ҰЖ-ның бөлімдері мен тарауларын назарға ала отырып, жоқ дегенде тоқсан сайын Комитетке өзінің жұмыстарының нәтижелерін ұсынатындай, тауарлар бойынша аталған жұмыстардың бөлінуін жүргізеді. Техникалық комитет аталған жұмысты Комитеттен сұраныс алған күннен екі жыл және үш айдың ішінде аяқтайды.

⁴Егер адвалор үлесінің критерийі қарастырылса, онда шығу тегі қағидаларында осы үлесті есептеу әдісі де көрсетілуі тиіс.

⁵Өндіру немесе қайта өңдеу бойынша операциялар негізінде критерий қарастырылса, онда осы тауардың шығу тегін айқындайтын операция нақты көрсетілуі тиіс.

Комитеттің рөлі

3. 1 тармақтағы аталған қағидалардың негізінде:

(a) Комитет 2 (c) тармағының (i), (ii) және (iii) тармақшаларында қарастырылған мерзімдерге сәйкес Техникалық комитеттің талқылауларын және қорытындыларын, осы талқылауларды және қорытындыларды қабылдау мақсатымен, мезгілді қарастырады. Комитет Техникалық комитетке өзінің жұмысын нақтылау немесе тереңдету және\немесе жаңа әдістерді әзірлеу өтінішімен жүгінуі мүмкін. Осы көмекті көрсету үшін Техникалық комитетке қосымша жұмысқа өзінің сұранысының себебін көрсетуі тиіс, және қажет жағдайда, балама әдістерді ұсынуы тиіс;

(b) 2 (c) тармағының (i), (ii) және (iii) тармақшаларында қарастырылған барлық жұмыстарды аяқтау бойынша, Комитет оның жалпы реттілігі бойынша оның нәтижелерін қарастырады.

Үйлестіру бойынша жұмыс бағдарламасының нәтижелері және одан арғы жұмыс

4. Министрлер конференциясы осы Келісімнің⁶ ажырамас бөлігі болатын қосымшада үйлестіру бойынша жұмыс бағдарламасының нәтижелерін баяндайды. Министрлер конференциясы осы қосымшаның күшіне енуі үшін мерзім орнатады.

ҚОСЫМША I

ШЫҒУ ТЕГІ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ КОМИТЕТ

Күзiреттiлiк

1. Техникалық комитеттің тұрақты функциялары келесіні құрайды:

(a) Техникалық комитеттің кез келген мүшесінің сұрауы бойынша шығу тегі қағидаларының мүшелерімен күнделікті қолдануда пайда болатын нақты техникалық

мәселелерді үйрену, және берілген деректемелердің негізінде тиісті шешімдер туралы ұсынымдар беру;

(b) кез келген мүше немесе Комитетпен сұранатын тауарлардың шығу тегін айқындауға қатысты кез келген сұрақ бойынша ұсынымдар беруге және ақпараттар ұсынуға;

(c) осы Келісімнің функциялануының техникалық аспектілері бойынша және оны орындау барысы туралы мерзімді баяндамаларды әзірлеу және үлестіру; және

(d) II және III бөлімдерінің функциялануын және орындалудың техникалық аспектілерін жыл сайын қарау.

⁶ Кедендік мақсаттар үшін тауардың классификациясын қодануға қатысты дауларды реттеуге байланысты келісімдіктер жөніндегі сұрақ бірмезгілде қарастырылады.

2. Техникалық комитет оған Комитет жүктей алатын кез келген басқа функцияларды орындайды.

3. Техникалық комитет оған мүшелер немесе Комитеттің қойған нақты сұрақтары бойынша қысқа мерзімде жұмыстардың аяқталуы үшін бар жігерін салады.

Өкілеттік

4. Әр мүше Техникалық комитетте ұсынылуға құқылы. Әр мүше, оны Техникалық комитетте ұсыну үшін, бір өкілді және бір немесе бірнеше орынбасарларды тағайындауға құқылы. Осындай жағдаймен Техникалық комитетке ұсынылған кез келген мүше, осы Қосымшада Техникалық комитеттің "мүшесі" ретінде аталады. Техникалық комитеттің мүшесінің өкілдері Комитеттің отырысына кеңесшілерді шақыра алады. ДСҰ хатшылығы осы отырыстың жұмысына бақылаушы ретінде қатыса алады.

5. ҚЫК мүшелері ДСҰ мүшелері болып табылмайды, Техникалық комитеттің отырыстарында бір өкілмен немесе бір немесе бірнеше орынбасарларымен ұсынылуы мүмкін. Бұл өкілдер Техникалық комитеттің отырыстарында бақылаушы ретінде қатысады.

6. Техникалық комитеттің, ҚЫК Бас хатшысының (одан әрі осы Қосымшада – "Бас хатшы") келісімімен Техникалық комитеттің отырысына, бақылаушы ретінде, ДСҰ-ның да, ҚЫК-ның да мүшесі болып табылмайтын үкіметтің өкілдерін, және халықаралық және экономикалық ұйымдардың өкілдерін шақыра алады.

7. Техникалық комитеттің отырыстарына қатысу үшін тағайындалған төрағалардың, олардың орынбасарларының және кеңесшілерінің аттары Бас хатшыға хабарланады.

Отырыс

8. Техникалық комитет, жылына бір реттен кем емес, қажеттілігі бойынша шақырылады.

Шаралар

9. Техникалық комитет өзінің төрағасын сайлайды және өзінің жеке шараларын өндіреді.

ҚОСЫМША II

ШЫҒУ ТЕГІНІҢ ПРЕФЕРЕНЦИЯЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ СҰРАҚТАР БОЙЫНША БІРЛЕСКЕН ДЕКЛАРАЦИЯ

1. Кейбір мүшелердің преференциялық емес шығу тегі қағидаларынан айырмашылығы бар преференциялық шығу тегі қағидаларын қолданатынын мойындай отырып, осымен мүшелер келесі туралы келіседі.

2. Осы бірлескен декларация мақсаты үшін преференциялық шығу тегі қағидалары деп ГАТТ 1994 I бабының 1 тармағын қолдану шеңберінен шығатын тарифтік преференцияларды ұсыну негіздерін беретін келісімді немесе автономды преференциялық режимді тауарлардың қолдана алатындығын анықтау үшін кез келген мүшемен жалпы қолданудағы заңдардың, нормативті актілердің және әкімшілік органдардың шешімдерінің жиынтығы түсіндіріледі.

3. Мүшелер келесіні қамтамасыз етуге келіседі:

(a) олар шығу тегінің жалпы әкімшілік қағидаларын орнатқанда, олар орындалуға жататын талаптарды нақты қалыптастыруы тиіс. Әсіресе:

(i) өзгеру критерийі қолданылған, тарифтік классификация қолданылған жағдайда, мұндай преференциялық шығу тегі қағидалары және осы қағидалардан кез келген шектеулер, осы қағидаларға сілтемелінетін тарифтік тізімдемесінің бөлімшелерін немесе бөлімдерін, кодтарын нақты көрсету тиіс;

(ii) адвалор үлесінің критерийі қолданылған жағдайда, преференциялық шығу тегі қағидаларында осы адвалор үлесінің есебі үшін әдістері көрсетілуі тиіс;

(iii) өндіріс немесе ішінара қайта өңдеу бойынша операциялардың негізінде өлшемдер ұйғарылған жағдайда, осы тауардың шығу критерийін қолданатын операция нақты көрсетілуі керек;

(b) олардың преференциялық шығу тегі қағидалары жағымды өлшемдерге негізделеді. Тауардың шығу тегін айқындамайтын (жағымсыз критерий) белгілерге негізделетін преференциялық шығу тегі қағидалары жағымды критерийлерді түсіндіру үшін немесе шығу тегінің жағымды анықтамасы қажетті болып табылмайтын, бөлек жағдайларда қолдануға рұқсат етіледі;

(c) шығу тегінің преференциялық қағидаларына қатысты жалпы қолданудағы әкімшілік қағидалары және сот шешімдері, нұсқаулықтары, заңдары ГАТТ 1994 X бабының 1 тармағының жағдайларына сай келетіндей, және соларға сәйкес;

(d) экспорттаушы, импорттаушы немесе негізделген себебі бар кез келген тұлғаның сұранысы бойынша, тауардың преференциялық шығу тегін анықтау бойынша шешім мүмкіндігінше қысқа мерзімде хабарланады, бірақ тауар туралы барлық қажетті мәліметтер хабарланған жағдайда, тауардың шыққан елін айқындау туралы осындай

шешім сұраныс келіп түскеннен кейін 150 күннен⁷ кешіктірмей хабарланады. Осындай шешімдерге сұраныстар осы тауарды саудаға қойғанға дейін қабылдануы тиіс, және одан әрі кез келген уақытта қабылдана алады. Мұндай шешімдер, негіз ретінде жасалған, шығу тегі қағидаларын қоса алғанда, фактілер мен жағдайлар салыстырмалы болып қалған жағдайда, үш жыл ішінде күшінде қалуы тиіс. Мүдделі тараптардың алдын ала ақпараттануы кезінде, егер де (f) тармақшасымен қарастырылған бақылау барысында осы шешімге қарсы келетін шешімдер қабылданса, мұндай шешімдер одан әрі әрекет етпейді. Мұндай бағалау, (g) тармақшасының жағдайларын сақтаған кезде жалпыға тиімді болуы тиіс;

(e) өзінің преференциялық шығу тегі қағидаларына өзгерістер енгізген немесе шығу тегінің жаңа қағидаларын енгізген кезде, мұндай өзгерістердің, олардың заңдарында және нормативтік актілерде анықталғандай және оларға залалсыз, кері күші болмайды;

(f) олар преференциялық шығу тегі саласында қабылдайтын кез келген әкімшілік әрекеттер ең қысқа мерзімде соттық, төрелік немесе әкімшілік органдармен немесе анықтаманы шығарған билік органдарынан тәуелсіз шараларға сәйкес тәртіпте шағымдануы мүмкін, ол осындай анықтаманың өзгеруін немесе жойылуын туындатуы мүмкін;

(g) құпия сипаттағы немесе шығу тегінің преференциялық қағидаларын қолдану мақсатында құпия түрде алынған барлық ақпарат қатаң құпия ретінде билік органдарымен қарастырылады, бұл кезде олар оны сот рәсімінің шеңберінде ашылуға міндеттеуі мүмкін шеңберден тыс ақпарат, осындай ақпаратты ұсынған үкімет немесе тұлғаның арнайы рұқсатынсыз ашылмауы тиіс.

4. Мүшелер қысқа мерзім ішінде Хатшылыққа өзінің преференциялық шығу тегі қағидаларын, оларға қолданылатын, преференциялық келісімдердің тізімін қоса алғанда, және осы мүшеге қатысты ДСҰ Келісімінің күшіне ену күніне әрекет ететін преференциялық қағидаларына қатысты жалпы қолданудағы сот шешімдерін және әкішілік қаулыларды ұсынады. Сонымен қоса, бірінші мүмкіндік бойынша, Хатшылыққа олардың преференциялық шығу тегі қағидаларындағы кез келген өзгерулер немесе жаңа преференциялық шығу тегі қағидалары туралы хабарлауға келіседі. Хатшылықта таныса алатын, алынған ақпараттардың тізімі соңғы болып барлық мүшелерге таратылады.

⁷ ДСҰ Келісімі күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде жасалынған сұраныстарға қатысты, мүшелерден мүмкіндігінше қысқа мерзімде осындай шешімдерді қабылдау талап етіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК